

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДИАЛЕКТОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Қоғам дамып өркендеген сайын тіл де өзгеріске түседі. Бұл — заңды құбылыс. Тілдің өзгеріске түсуіне әртүрлі факторлар әсер етеді. Соның ішінде жергілікті тұрғындардың өзара қарым-қатынас жасау барысында туындаған тіл ерекшеліктері сөздік қордың шеңберін кеңейтеді. Қазіргі таңда тіл білімінде диалектілер мен говорларды азайтып, әдеби тілді тұрақтандыру жолдары қолға алынып, тек әдеби тілді қалыптастыру негізге алынып отыр. Бірақ диалект сөздерді азайту мүмкін емес. Себебі, диалектілердің өзі ана тілінде сақталған, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан төл тілдердің қатарына жатады. Әрине мұндай төл тіл халық ауыз әдебиеттерінде де, көркем шығармаларда да сақталған, яғни жазба әдебиет арқылы қазақ тілінің мұрасы болып қалады. Жергілікті тіл ерекшеліктерін азайтқаннан гөрі оны сұрыптап, талдап, әдеби тіл қатарына қосатын кез келді. Сондықтан тілдегі диалектілік ерекшеліктерді арнайы терең зерттеуді талап етеді. Диалекті — қазақ тілінің сөздік құрамын толықтыратын арнайы тілдік қор. Ауызекі сөйлеу тілімізде сақталып, әдеби тілімізде кездесе бермейтін сан алуан фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құбылыстар кездейсоқ болмай, белгілі бір тарихи жағдайда халықтардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауынан пайда болған.

«Әдетте әдеби тіл мен диалектінің бір-біріне қарым-қатынасын сөз еткенде, жергілікті халық тілінен әдеби тілді байытуға, дамытуға болатын жақтары айтылуы тиіс. Бұл жағынан алғанда, әдеби тілдің нәр алатын қайнар бұлағы — халық тілі болса керек. Халық тілінде сол жердің өзіне ғана тән, тар аяда қолданылатын, әдеби тілде және басқа говорларда баламасы бар сөздер болып келсе, бірқатары табиғатына, шаруашылығының түріне, шұғылданатын кәсібінің өзгешелігінен туған сөздер болып келеді», — дейді профессор О.Нақысбеков [1, 142б].

Қазіргі таңда «сөйленіс» деп аталып жүрген жергілікті тіл ерекшеліктерінің пайда болуы, қалыптасуы, әрбір өңірдің өзіндік тілдік ерекшеліктерінің болу принциптері. Оған әсер ететін факторлар туралы біраз зерттелді. Белгілі бір өңірдің сөйленісін ғылыми тұрғыдан зерттеудің әдіс-тәсілдері, жолдары да анықталды. Осы күнге дейінгі тіл ерекшеліктерін зерттеген диалектолог-ғалымдар С. Аманжолов, Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев, Ғ. Қалиев, Ә. Нұрмағамбетов, Ш. Сарыбаев, С. Омарбеков, О. Нақысбековтың ғылыми зерттеулері бойынша, аймақтық тіл ерекшеліктері лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тіл құбылыстарының өзгеруіне қарай талдап анықтаудың негізі жасалды. Сонымен қатар тұрмыс-

тық заттық бұйымдарды атауда, туыстық атауларды өздігінше атауда, табиғат құбылыстарын, жер бедерін атауда, мал шаруашылығына қатысты атауларды атауда болатын өзгешеліктерді зерттеудің тәсілдерін айқындап көрсетті. Нақтырақ айтатын болсақ, Ш.Сарыбаев қазақ тілінің аймақтық лексикографиясын, Ж.Болатов қазақ тілінің шығыс говорлар тобын, Ә.Нұрмағамбетов батыс говорлар тобын, О.Нақысбеков оңтүстік говорлар тобын, С.Омарбеков қазақ тілі говорларының дыбыстық жүйесін, Ғ.Қалиев қазақ тіліндегі диалектілік сөз тудыру ерекшеліктерін, Ж.Айдаров Өзбекстандағы қазақтардың тілдік ерекшеліктерін зерттеп, монографиялар жариялады.

Қазіргі таңда диалектілер мен сөйленістердің әдеби тілге кірігіп, кәсіби лексиканың қатарына қосылып, тіпті термин сөздердің баламасы ретінде ұсыныла бастағанын байқауға болады. Сондықтан диалектілік ерекшеліктерді жүйелі түрде жан-жақты зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы зор. Сонымен қатар диалектілер арқылы қазақ халқының, жалпы сол тілде сөйлейтін халықтың этникалық болмысын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіндегі өзіндік ерекшелігін, көршілес халықтармен этникалық байланысын ашуға болады.

Қазақ құрамындағы ру-тайпалардың басқа түркі тілдес халықтардың ішінде кездесуі, тіліміздегі диалектілік ерекшеліктердің қазақ тілінің басқа говорларында ұшырамай, көрші тілдерде кездесуі басқа тілдермен белгілі бір қарым-қатынас жасау нәтижесінде туғанын көрсетеді [2, 14].

Сондықтан қазақ тілінің басқа тілдермен байланысын, қарым-қатынасын, сол елдермен тығыз қатынас нәтижесінде сініскен мәдени-этникалық болмыстарды анықтауда диалектологиялық деректердің берері мол.

Тіл — тек мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тіл (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш ретінде анықталады. Ұлттық мәдениеттің тірегі тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл — ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі [3, 6].

Ежелгі дәуірлер мен тарихи кезеңдердегі қазақтың рухани-мәдени жүйесінің жаратылысы мен болмысын көркем шығармалар тіліндегі ерекшеліктер арқылы, жергілікті тіл ерекшеліктері арқылы саралап тануда тіл білімінің лингвомәдениеттанымдық жаңа бағытын қолдану тиімді

болатыны анық. Аймақтық лексиканы зерттеу арқылы, сол жердегі тұрғындардың танымдық ерекшелігі мен мәдени болмысын айқындауға болады. Ал көркем суреткерлер белгілі бір өңірдегі оқиғаны, ондағы кейіпкерлердің әрекеті мен мінез-құлқын дәл жеткізу үшін, сол жердің танымдық ортасына, тілдік қолданысына бағынады. Сонымен қатар жазушы не ақын туған жерінде қалыптасқан тілдік, танымдық, мәдени ерекшелігін төл шығармасында қолданады. Аймақтық лексиканы танытудың басты көзі — диалектілер мен говорлар. Сондықтан көркем шығармада диалектілерді қолданудың басты мақсаты — жергілікті халықтың танымдық ойлау деңгейін, мәдени деңгейін, кәсіби ерекшеліктерін, өзара қарым-қатынасындағы, тіліндегі ерекшеліктерін көрсету.

Қазақстанның оңтүстік өңірінің жазушысы Қ.Әбдіқадіров шығармаларында кездесетін диалектизмдер арқылы, оңтүстіктегі тұрмыс-тіршіліктің, кәсіби шаруашылықтың, яғни сол жердегі халықтың өмірі мен мәдениетін танып білуге болады.

Мысалы, лексикалық ерекшеліктері:

Беһе — айва — жемістің түрі. *Оның іші алма, жүзім, аша, өрік, беһе... [4,5]*

Қамба — астық сақталатын орын. *Егін піссөз ақ қызыл алтын, ақ күміс болып байбатша, бекбатшалардың қамбасына құйылды [4,66].*

Пұл — ақша. *Кұл төбенің күлі көп пе, менің пұлым көп пе*

Сес — айбат. *Мырзаның баскесері көптің сесінен тайсалып, кейін шегініп қалды.*

Қабына ұрып жіберу — қабына салып жіберу. *Штапшыны көріп көзі оттай жайнады, лып беріп алды да, қабына ұрып жіберіп, жоқ болды.*

Ексім жел — өкпек жел. *Бұл бір ексім желі бар, сіркіреп жауып себелеген күш еді.*

Бағдарсыз — өз бетімен. *Бағдарсыз келген баланың базар ішінде таныс ешкімі де жоқ еді.*

Падашы — сиыршы. *Сиырды айдап барып, падашыға қоса ғой.*

Шөжім — жұқа матаның бір түрі. *Малым қайырлы болса-ақ, шөжімнен ішкіім тіккізіп берем.*

Қауашақ — сауыт. *Сарайдың іргесінде қауашаққа салған бір дәрі бар.*

Әйдік — үлкен. *Ол баланы әйдік көк есекке мінгізді.*

Алакеуімнен — күн батып қараңғы түсе бастаған кез. *Алакөленкеден. Алакеуімнен тұрып Темірбек жұмыс басына келгенде қыбыр еткен жан жоқ.*

Фонетикалық ерекшеліктері:

Ал-сал — дел-сал. *Бойым ал-сал болып қалыпты.*

Шар ете түсті — шыр ете түсті. *Оған әйелі от басып алғандай шар ете түсті.*

Қоқыған — коқсыған. *Бір жағы Әділбектің аспаптарымен қоқыған үйдің, бір жағы Патанның киімімен қоқыш, малдың аяғымен шашылған сабанның орны, не бір ескі-ұсқы тастаған ауылдың шұқыры тәрізденіп жатады.*

Томаша — томарша. *Түбі шіріген томашадай домаланып басы бұтының арасына келді.*

Сыңай — ыңғай. *Найзасына сүйенген сарбаздар тоз-тозын шығаратын сыңайын көрсетті.*

О яғын — ол жағын. *Ояғын шақшабастан сұраймыз ғой.*

Анаусын, мынаусын — анасын-мынасын. *Ар жағына шық деймін, анаусын сырмасаң, мынауың қозғалмайды.*

Оңтүстік өңірінің жергілікті сөйлеу ерекшелігіне тән бұл диалектизмдер күнделікті қолданыста өте жиі кездесетін сөздер. Солардың ішінде *падашы* сөзінің *бадашы* варианты қазіргі таңда Қазақстанның барлық өңірінде дерлік сиыршы мағынасын танытатын бірлік ретінде қолданылып жүр. Мәселен, қойшы, сиыршы деп атағаннан гөрі шопан, бадашы деп кәсіби тілмен атау әлдеқайда нақты әрі ұлттық тілдің нақышын келтіретін секілді. Оған қоса, ертеректе қойшы, сиыршы деп аталмаған. Демек, осы күнге дейін диалектілер қатарында жүрген *бадашы* сөзіміз мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының әдеби төл сөзі болса керек. Сол сияқты *шөжім* сөзі де заттық-материалдық мәдени лексика

бірлігі болып саналады. Жалпы мата түрлерінің көп екені белгілі. Олардың да бірнеше атаулары бар. Соның ішінде денеге жұмсақ, ішкіім тігуге арналған, арзан қолды жұқа матаны танытып түсіндіруде қазақша атау таба алмай, қиналатынымыз да белгілі. Ал бұл мата түрін халық нақты атаумен танытқан. Оны бір өңірде ғана қолданады екен деп диалект сөздер қатарынан шығарып, осы күнге дейін әдеби тіл ретінде, киім-кешек мәдени атауларының қатарына қоса алмай келеміз.

Демек, кен асылы жерде, сөз асылы елде дегендей, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі бір аудан не бір облыс көлемінде ғана айтылатын, көпшілікке беймәлім, бірақ әдеби тіл ретінде заттық-мәдени мәні бар, сөздік қорды байытатын сөздерді анықтауда, терминжасам мәселелерін шешуде диалектологиялық зерттеулердің маңызы зор. Сонымен қатар қазіргі тіл біліміндегі ұлттың [ұжымның] мәдени-танымдық денгейін анықтайтын тілдің қызметін зерттеу ісінде негізгі нысанға айналып отыр.

ӘДЕБИЕТ

1. *Нақысбеков О.* Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. Алматы: Ғылым, 1982.
2. *Өтебеков Б.* Ауған, Иран қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер Авт., дис. филол. ғыл. канд., Алматы, 1998.
3. *Сейілхан А.* Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні: Авт., дис. филол. ғыл. канд., Алматы, 2002.
4. *Әбдіқадіров Қ.* Шығармалар жинағы. Алматы.